



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2018 жылғы 16 қарашадағы

№ 634

Астана қаласы

город Астана

**«Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына (2015 жылғы 30 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11716 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарында және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінде:

реттік нөмірлері 21, 22-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

21	Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына немесе Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына сәйкестігі.	Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына және тиісті мамандықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұралып отырған мамандыққа сәйкес оқу жоспарының	Оқу жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі туралы біліктілік талаптары уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға, сондай-ақ Қазақстан
----	---	---	---

		мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.	Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарындағы тұлғаларды және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытуға арналған жұмыс жоспарларына қолданылмайды.
22	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі олардың жалпы санынан кемінде 70%, соның ішінде медициналық білім беру ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриат, бакалавриат, магистратура деңгейі бар оқытушылар мен мейіргерлердің үлесі оқытушылардың жалпы санынан кемінде 10% болуы.	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.

»;

реттік нөмірі 25-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

25	Даярланатын біліктілікті ескере отырып, интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының,	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныппен жаракталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі
----	---	--	---

	жарақталуы, соның ішінде орта буын медициналық мамандарын даярлау үшін оқу пәндік кабинеттермен, клиникаға дейінгі симуляциялық кабинеттермен жарақталуы.	оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
--	---	--	---

»;

реттік нөмірлері 30, 31-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

30	Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына немесе Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білімнен кейінгі білім беру стандартына сәйкестігі.	Мемлекеттік жалпыға міндетті, орта білімнен кейінгі білім беру стандартына және тиісті мамандықтың үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұралып отырған мамандыққа сәйкес оқу жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.	Оқу жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі туралы біліктілік талаптары уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарындағы тұлғаларды және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оқытуға арналған жұмыс жоспарларына қолданылмайды.
31	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік	Өндірістік оқыту шеберлеріне қатысты біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі

олардың жалпы санынан кемінде 70%, соның ішінде медициналық білім беру ұйымдары үшін қолданбалы бакалавриат, бакалавриат, магистратура деңгейі бар оқытушылар мен мейіргерлердің үлесі оқытушылардың жалпы санынан кемінде 10% болуы.	талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінің жанында орналасқан білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
---	--	--

»;

реттік нөмірі 47-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

47	Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттарына сәйкестігі.	Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.	Білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі туралы біліктілік талабы мәлімделген жағдайлар бойынша уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды.
----	--	---	--

»;

реттік нөмірі 49-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

49	Оқу жоспарындағы пәндерге сәйкес оқытушылардың болуы, оның ішінде оқытушылардың білімі оқытатын пән бейініне және/немесе «ғылым кандидаты» немесе	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
----	---	---	--

<p>«ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары оқытатын пән бейініне сәйкес болуы.</p> <p>Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын оқытушылардың жалпы оқытушылар санындағы үлесі – кемінде 80%;</p> <p>«Өнер» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыттары үшін кемінде 60%;</p> <p>азаматтық авиация саласындағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары үшін – кемінде 45%.</p>		
---	--	--

»;

реттік нөмірі 50-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

50	Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ҒЫЛЫМ	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы	
----	---	---	--

<p>кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе «Еңбек сіңірген жаттықтырушы» спорттық атақтары бар оқытушылардың үлесі – университеттер үшін – кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде – 30%, институттар үшін кемінде – 30%;</p> <p>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп емес;</p> <p>оқытушылардың жалпы санынан «Өнер» білім беру саласында кадрларды даярлау бағыты үшін лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні</p>	<p>мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
---	--	--

<p>бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік марапаттары бар оқытушылардың үлесі университеттер үшін – кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде – 30%, институттар үшін кемінде – 30%;</p> <p>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп емес;</p> <p>«Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласында кадрларды даярлау бағыты бойынша: лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері</p>		
---	--	--

<p>немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары бар оқытушылардың үлесі жалпы оқытушылар санынан кемінде университеттер үшін – кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде – 30%, институттар үшін кемінде – 30%;</p> <p>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар және/немесе жоғары/бірінші біліктілік дәрігерлік санаты бар оқытушылардың үлесі - 50%-дан көп емес;</p> <p>Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін оқытушылардың жалпы санынан «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми</p>		
--	--	--



<p>дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі кемінде 40%.</p>		
--	--	--

»;

реттік нөмірі 51-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

51	<p>Кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын 100% қамтамасыз ететін баспа басылымдары форматындағы; кадрларды даярлау бағыты бойынша («Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» білім саласындағы кадрларды даярлау бағытынан басқа) оқу жұмыс жоспарының пәндерін 40% қамтамасыз ететін электронды форматтағы оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы.</p>	<p>Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
----	---	--	--

	<p>Кітапхана қорында әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша негізгі оқу әдебиетінің соңғы бес жылда; жаратылыстану, техникалық, ауыл шаруашылығы пәндері бойынша соңғы он жылда басылған баспа басылымдарының форматында болуы.</p>	<p>Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
--	---	--	--

»;

реттік нөмірі 52-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

52	<p>Оқу жұмыс жоспарына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті материалдық - техникалық және оқу-зертханалық базамен, сымсыз технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен жаратқандырылуы. Медициналық бағыт бойынша кадрларды даярлау үшін манекендермен, муляждармен және т.б. жабдықталған практикалық дағдылар</p>	<p>Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>«Сымсыз технологияларды қоса алғанда» біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды</p>
----	--	---	---

орталығының (симуляциялық орталықтың) болуы.		
--	--	--

»;

реттік нөмірі 53-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 53-1-жолмен толықтырылсын:

«

53- 1	Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық ғылыми журналдарда соңғы бес жылда 2 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ оқулықтың не оқу құралының авторлары болып табылатын жетекші мамандардың, оқытушылардың бакалаврларға ғылыми жетекшілікті жүзеге	Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
----------	---	--	--

асыруы.		
---------	--	--

»;

реттік нөмірі 54-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

54	Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен жасалған шарттардың болуы, оның ішінде «Педагогикалық ғылым» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты үшін педагогикалық практика базалары бойынша мектепке дейінгі, және/немесе бастауыш, және/немесе негізгі және/немесе жалпы орта, және/немесе техникалық және кәсіптік, және/немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен шарттардың болуы. Медициналық бағыт бойынша кадрларды даярлау үшін алдыңғы қатарлы шетелдік медициналық білім беру ұйымдарымен стратегиялық әріптестік туралы шарттардың болуы.	Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес толық оқу кезеңін қамтитын, практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен және стратегиялық әріптестік туралы жасалған шарттардың көшірмелері.	Біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
----	--	---	---

»;

реттік нөмірі 57-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

57	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық активтердің, оның	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес	Жылжымайтын мүлікке құқығының тіркелгені және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі»
----	--	--	---

	ішінде университеттер үшін 3 және одан көп, академиялар үшін 1 және одан көп, институттар үшін 1 және одан көп ауданы санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларымен ғимараттардың (оқу корпусстардың) болуы. «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты үшін шаруашылық жүргізу меншікті жеке не жедел басқару құқығындағы клиникасының болуы.	нысан бойынша).	МДҚ АЖ-дан алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды. Білім беру ұйымының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты лицензияны қайта ресімдеуі кезінде оқу ауданының есебі оқу сабағының ауысымдылығы ескеріліп, жоғары оқу орнының түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне бекітілген нормаға сүйеніп жүргізіледі.
		Ғимараттарға (оқу корпусстарға) және клиникаларға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.	

»;

реттік нөмірі 58-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

58	Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына сәйкестігі.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.	Біліктілік талабы мәлімделген жағдайлар бойынша уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды.
----	--	---	---

»;

реттік нөмірі 59-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

59	Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру.	Лицензияланатын кадрларды даярлау бағытына сәйкес алдыңғы деңгей бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талабы «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» және «Педагогикалық ғылым» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
----	--	---	---

»;

реттік нөмірі 61-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

61	Сұратылып отырған кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын үш ғылым докторының немесе бес ғылым кандидатының немесе бес философия (PhD) докторының болуы; «Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыты бойынша бір ғылым докторының немесе бір ғылым кандидатының немесе философия (PhD) докторының болуы.	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
----	---	---	--

»;

реттік нөмірі 62-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

62	<p>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе «Еңбек сіңірген жаттықтырушы» спорттық атақтары бар оқытушылардың үлесі – университеттер үшін – кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде – 30%, институттар үшін – 30%; Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп емес; Оқытушылардың жалпы санынан «Өнер» білім</p>	<p>Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
----	--	--	--

<p>саласындағы кадрларды даярлау бағыты үшін лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе Қазақстан Республикасының құрметті атақтары мен мемлекеттік наградалары бар оқытушылардың үлесі университеттер үшін – кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде – 30%, институттар үшін – 30%;</p> <p>Оқытушылардың жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «магистр» дәрежесі бар оқытушылардың үлесі - 60%-дан көп емес;</p> <p>«Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім</p>		
--	--	--



<p>саласындағы кадрларды даярлау бағыты бойынша:  лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары бар оқытушылардың үлесі жалпы оқытушылар санынан кемінде университеттер үшін – кемінде 50 %, академиялар үшін кемінде – 30%, институттар үшін – 30%;  Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін: оқытушылардың жалпы санынан «ҒЫЛЫМ</p>		
--	--	--

<p>кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежелері және/немесе «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары және/немесе әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі кемінде 40%.</p>		
---	--	--

»;

реттік нөмірі 63-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

63	<p>Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе</p>	<p>Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
----	--	--	--

<p>«бейіні бойынша доктор» дәрежелері, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық лицензияланатын ғылыми журналдарда соңғы бес жылда 10 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ кемінде 2 оқулықтың не оқу құралының авторы болып табылатын жетекші мамандардың немесе оқытушылардың магистранттарға ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы.</p>		
--	--	--

»;

реттік нөмірі 65-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

65	<p>Білім беру бағдарламасына сәйкес сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы.</p>	<p>Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
----	--	--	--

»;

реттік нөмірі 67-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 68-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

68	<p>Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті</p>	<p>Білім беру процесін материалдық-техникалық</p>	<p>«Сымсыз технологияларды қоса алғанда»</p>
----	---	---	--

	<p>материалдық техникалық және оқу-зертханалық базалармен, сымсыз технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен, кітапханамен жарақтандырылуы.</p>	<p>қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу-зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына б-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>біліктілік талабы Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қолданылмайды.</p>
--	--	--	--

»;

реттік нөмірі 72-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

72	<p>Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына сәйкестігі.</p>	<p>Клиникалық мамандықтар бойынша жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.</p>	
----	---	---	--

»;

реттік нөмірі 73-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

73	Лицензиат негізгі жұмыс	Жұмыс өтілі, ғылыми	
----	-------------------------	---------------------	--

<p>орны болып табылатын және кемінде үш жыл ғылыми- педагогикалық, кемінде бес жыл клиникалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардың еңбектерінде соңғы бес жылда 4 ғылыми жарияланымдарының және оқу құралының авторы болып табылатын «ҒЫЛЫМ кандидаты» немесе «ҒЫЛЫМ докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері бар кемінде екі маманның немесе «ҒЫЛЫМ кандидаты» немесе «ҒЫЛЫМ докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні</p>	<p>жарияланымдары мен оқу құралдары, көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
--	--	--

<p>бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері бар кемінде бір маманның және сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары дәрігерлік санаты бар бір маманның болуы.</p>		
--	--	--

»;

реттік нөмірі 76-жол алынып тасталсын;

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 76-1- жолмен толықтырылсын:

«

76-1	<p>Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бейініне сәйкес «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық лицензияланатын ғылыми журналдарда</p>	<p>Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағытыбойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	
------	--	--	--

	соңғы бес жылда 4 ғылыми жарияланымдардың болуы, сондай-ақ кемінде 2 оқулықтың не оқу құралының авторы болып табылатын жетекші мамандардың, оқытушылардың резиденттерге ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы.		
--	--	--	--

»;

реттік нөмірі 77-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

77	Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен (ғылыми ұйымдарды қоспағанда) және жетекші шетелдік медициналық білім беру ұйымдарымен стратегиялық әріптестік туралы шарттардың болуы.	Практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен және стратегиялық серіктестік туралы жасалған толық оқу циклін қамтитын шарттардың көшірмелері.	
----	--	--	--

»;

реттік нөмірі 80-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

80	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына тиесілі білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін клиникалардың (ғылыми ұйымдарды қоспағанда), материалдық активтердің, оның ішінде санитарлық нормаларға сай оқу орынжайларының болуы.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Ғимараттарға және клиникаға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.	Жылжымайтын мүлікке құқығының тіркелгені және оның техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДҚ АЖ-дан алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды. Білім беру ұйымының лицензия алуы немесе қайта құрылуына байланысты
----	--	--	--

			лицензияны қайта ресімдеуі кезінде оқу ауданының есебі оқу сабағының ауысымдылығы ескеріліп, жоғары оқу орнының түріне байланысты ең аз білім алушылар контингентіне бекітілген нормаға сүйеніп жүргізіледі.
--	--	--	--

»;

реттік нөмірі 81-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

81	Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігі.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.	
----	---	---	--

»;

реттік нөмірі 83-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

83	Кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша отандық басылымдарда, халықаралық конференциялардағы еңбектерде ғылыми жарияланымдардың және оқу құралының	Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер	
----	--	--	--



	авторы болып табылатын кадрларды даярлаудың әрбір ғылыми бағыты бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын кемінде бір ғылым докторының немесе екі ғылым кандидатының не философия докторының (PhD) не бейіні бойынша доктордың болуы.	туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
--	--	---	--

»;

реттік нөмірі 84-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

84	Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарынан басқа, кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін ведомствоаралық келісімдердің болуы.	Ғылыми алмасу мәселелерін регламенттейтін келісімдердің көшірмелері.	Шетел тілінде жасалған келісімдер ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі.
----	--	--	---

»;

реттік нөмірі 85-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

85	Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы.	Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
----	--	---	--

реттік нөмірі 90-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

90	Білім беру бағдарламасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарына сәйкестігі.	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі көшірмелері.	Білім беру бағдарламасының, оқу жұмыс жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігі туралы біліктілік талабы уәкілетті орган бекіткен эксперимент режимінде іске асырылатын бағдарламаларға қолданылмайды.
----	--	---	--

»;

реттік нөмірі 92-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

92	Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына және жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес бакалавриаттың және магистратураның оқу бағдарламаларын іске асыруы.	Лицензияланатын кадрларды даярлау бағытына сәйкес алдыңғы деңгей бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Лицензиялардың мәртебесі «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ны пайдалана отырып тексеріледі. Біліктілік талабы «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» және «Педагогикалық ғылым» білім саласындағы кадрларды даярлау бағыттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарына қолданылмайды.
----	--	---	---

реттік нөмірі 94-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

94	Докторантура бағдарламаларын іске асыратын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы шарттардың болуы.	Толық оқу кезеңін қамтитын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми алмасу туралы шарттардың көшірмелері.	Шетелдік ұйымдармен ынтымақтастық туралы шетел тілінде жасалған келісімдерге қол қойылғаны сияқты мемлекеттік немесе орыс тіліндегі бірдей мәтіндегі нұсқаларына да қол қойылады. Шетел тілінде жасалған келісімдер және/немесе шарттар ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру талап етіледі.
		Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес шетелдік жоғары оқу орнының бағдарламаларын аккредиттеу туралы куәліктің көшірмелері.	

»;

реттік нөмірі 95-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

95	Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы	Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
----	---	---	--

»;

реттік нөмірі 97-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

97	Докторанттардың практикадан өту үшін	Толық оқу кезеңін қамтитын сұратылып	Шетел тілінде жасалған шарттар
----	--------------------------------------	--------------------------------------	--------------------------------

	отандық ұйымдармен жасалған шарттардың және шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту үшін жасалған шарттардың болуы.	отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен және шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері.	ұсынылған жағдайда, олардың мемлекеттік немесе орыс тілдеріне аударылған, нотариалды расталған нұсқаларын қоса беру талап етіледі.
--	--	---	--

»;

мынадай редакциядағы реттік нөмірлері 97-1, 97-2, 97-3 – жолдармен толықтырылсын:

«

97-1	Сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытына сәйкес «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежелері немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері бар жетекші мамандардың, оқытушылардың ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл, соңғы 5 жылда Web of science немесе Scopus	Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
------	---	--	--

	<p>халықаралық дәйексөз келтіру жүйесіндегі кемінде 2 және одан көп Хирш индексі бар ғылыми жарияланымның авторы болуы және (немесе) Web of Science базасындағы нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда немесе 1, 2 және 3 Scopus кuartиль базасына енетін 2 жарияланымның болуы (соңғы бес жылда); және (немесе) халықаралық патенттер, сондай-ақ оқулық не оқу құралының авторы болуы және (немесе) уәкілетті орган ұсынған баспа бетіндегі кемінде 20 жарияланымның болуы (соңғы бес жылда).</p>		
97-2	<p>«Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары», «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» салалардағы кадрларды даярлау бағыттары бойынша</p>	<p>Зертханалардың аккредиттеу туралы куәліктерінің көшірмелері немесе осы зертханалармен шарттардың көшірмелері.</p>	

	сертификатталған зертханалардың немесе олармен шарттардың болуы.		
97-3	Плагиатқа тексерудің компьютерлік бағдарламасының болуы.	Плагиатқа тексерудің компьютерлік бағдарламасының бар екенін растайтын құжаттың көшірмесі.	

1, 2, 6, 8, 9, 11, 12 - қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 – қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

7 – қосымша алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі**

**Е. Сағадиев**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 ж. 16 қарашадағы № 634 бұйрығына  
1-қосымша

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік  
талаптарын және оларға сәйкестікті  
растайтын құжаттардың тізбесіне  
1-қосымша

Нысан

**Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер**

(білім беру ұйымының атауы)

( жағдай бойынша)

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы мен жері	Жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы мәлімет, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, бітірген жылы	Негізгі жұмыс орны (ұйымның мекемесі)	Қосымша жұмыс орны (қоса атқару)	Сотталмағандығы (сотталғандығы) туралы мәлімет*	Санаты, берілген күні, санат берілгені туралы бұйрықтың нөмірі*	Дәрігерлік бақылаудан өткені туралы мәлімет (санитарлық кітаптың болуы)*	Магистр дәрежесі туралы мәлімет (мамандығы, берілген жылы)*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

«Философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі туралы	«Бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» дәрежелері туралы мәлімет, мамандығы	«Ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні	«Қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атақтары туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы	Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары мен құрметті атақтары, «Еңбек сіңірген жаттықтырушы» спорттық атақтары	Тану/нострификация лау туралы куәліктің болуы туралы мәлімет	Оқытатын пәні
--	---	--	---	--	--	---------------

мәлімет, мамандығы, берілген жылы	ы, берілген жылы	бойынша доктор» ғылыми дәрежелері туралы мәлімет, мамандығы, берілген жылы		немесе жоғары мен бірінші дәрігерлік санаты туралы мәлімет, берілген жылы		
11	12	13	14	15	16	17

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Ескертпе\* бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 ж. 16 қарашадағы № 634 бұйрығына  
2-қосымша

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік  
талаптарын және оларға сәйкестікті  
растайтын құжаттардың тізбесіне  
2-қосымша

Нысан

**Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер**

(білім беру ұйымының атауы)  
(жағдай бойынша)

Р/с №	Кәсіп, кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу пәні, қызмет түрі, оқыту және тәрбиелеу бағдарламасының бөлімі	Пәнді оқитын білім алушылардың саны (болжамды жинақталуы)	Оқу әдебиеті (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары)	Оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер (атауы, басылып шыққан жылы, авторлары) *	Саны кемінде 1 дана
1	2	3	4	5	6

Барлығы:

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))

Ескертпе \*техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін толтырылады

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 ж. 16 қарашадағы № 634  
бұйрығына  
3-қосымша

Білім беру қызметіне қойылатын  
біліктілік талаптарын және оларға  
сәйкестікті растайтын құжаттардың  
тізбесіне  
6-қосымша

## Нысан

**Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер**

	Жарақтандырылуы туралы мәліметтер						Кітапхан а	Кадрлардың даярлаудың медициналық бағыты бойынша «Клиникаға дейінгі симуляциялық кабинеттер»*
	Жалпы және пайдаланылатын ауданы (м <sup>2</sup> ) көрсетілген ғимараттың (құрылыстың) нақты мекенжайы	Атауы мен ауданы көрсетілген аудиториялар, пән кабинеттері*	Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу-тәжірибелік учаскелер, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары*	Атауы көрсетілген оқу зертханалары* (м <sup>2</sup> )	Түрі, саны, шығарылым күні көрсетілген оқу және оқу-зертхана жабдықтарының, техникалық оқу құралдарының тізбесі	Мәжіліс залы, спорт залы (м <sup>2</sup> )		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Ескертпе \* техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін ақпарат сұратылып отырған кадрларды даярлау бағыты бойынша немесе біліктілік бөлінісінде беріледі

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 ж. 16 қарашадағы № 634 бұйрығына  
4-қосымша

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік  
талаптарын және оларға сәйкестікті  
растайтын құжаттардың тізбесіне  
8-қосымша

Нысан

**Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттердің болуы туралы  
мәліметтер**

(білім беру ұйымының атауы)  
(жағдай бойынша)

Р/с №	Кәсіп, кадрларды даярлау бағыты бойынша оқу пәні	Атауы, жасалған жылы	Авторлары
1	2	3	4

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 ж. 16 қарашадағы № 634 бұйрығына  
5-қосымша

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік  
талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын  
құжаттардың тізбесіне  
9-қосымша

Нысан

**Лицензияланатын кадрларды даярлау бағытына сәйкес алдыңғы деңгей бойынша  
лицензияның болуы туралы мәліметтер**

Р/с №	Бакалавриат кадрларды даярлау бағытының атауы	Лицензияның нөмірі, берілген күні	Магистратура кадрларды даярлау бағытының атауы*	Лицензияның нөмірі, берілген күні
1	2	3	4	5

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдай) \_\_\_\_\_ (қолы)

Ескертпе \* «Философия докторы (PhD)» және «бейіні бойынша доктор» дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, ақпарат сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бөлінісінде беріледі

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 ж. 16 қарашадағы № 634 бұйрығына  
6-қосымша

Білім беру қызметіне қойылатын  
біліктілік талаптарын және оларға  
сәйкестікті растайтын құжаттардың  
тізбесіне 11-қосымша

## Нысан

**Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген  
тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын  
ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер**

Р/ с №	Ғылыми жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Білімі туралы ақпарат («ғылым кандидаты» және/немесе «ғылым докторы» ғылыми дәрежесінің және/немесе «бейіні бойынша доктор» және/немесе «философия докторы (PhD)» дәрежесінің болуы туралы мәліметтер, резидентураны бітіргені туралы мәліметтер)	Жұмыс өтілі (ғылыми- педагогикалық, клиникалық)	Жарияланымдар тізбесі			Оқулық немесе оқу құралының атауы
				отандық мерзімді басылымдар да	шетелдік мерзімді басылымдар да	халықаралық конференция еңбектерінде	
1	2	3	4	5	6	7	8

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) \_\_\_\_\_) (қолы)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 ж. 16 қарашадағы № 634 бұйрығына  
7-қосымша

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік  
талаптарын және оларға сәйкестікті  
растайтын құжаттардың тізбесіне  
12-қосымша

Нысан

**Мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық,  
эксперименталдық базалардың болуы туралы мәліметтер \***

Ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының, ғылыми зертханасының, техникалық паркiнiң, бизнес- инкубаторының болуы (қажеттiсiн таңдау)	Орналасқан мекенжайы	Меншік құқығында немесе шарт негiзiнде	Ескертпе (базаның қызметi туралы қысқаша ақпарат)
1	2	3	4

Білім беру ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) \_\_\_\_\_ (қолы)

Ескертпе \* ақпарат сұратылып отырған кадрларды даярлау бағытының бөлінісінде беріледі